

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 185 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 наурыздағы № 163 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № 267 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.18 № 267 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2010 - 2011 жылдарға арналған перспективалық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 185 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 125, 75-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2010 - 2011 жылдарға арналған перспективалық жоспары (бұдан әрі - Жоспар) осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Орталық атқарушы органдар мен өзге де мемлекеттік органдар Жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 2 наурыздағы  
№ 163 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 18 ақпандағы  
№ 185 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының  
2010 - 2011 жылдарға арналған перспективалық жоспары**

---

Р/с №	Заң жобасының атауы	Әзірлеуші мемлекеттік орган	Ұсыну мерзімі		
			Әділет министрлігі	Үкімет	Парламент
1	2	3	4	5	6
1.	«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2010 жылғы 1-тоқсан	2010 жылғы 1-тоқсан	2010 жылғы 1-тоқсан
2.	Қазақстан Республикасындағы бақылау және қадағалау қызметі туралы	Әділетмині	2010 жылғы 1-тоқсан	2010 жылғы 1-тоқсан	2010 жылғы 2-тоқсан
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бақылау және қадағалау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2010 жылғы 1-тоқсан	2010 жылғы 1-тоқсан	2010 жылғы 2-тоқсан
4.	2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы	ӘБЖМ	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 3-тоқсан
5.	2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы	ӘБЖМ	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 3-тоқсан
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне прокуратура органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	БП (келісім бойынша)	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан
7.	Құқық қорғау қызметі туралы	Әділетмині	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан
9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік монополия мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	БҚА	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан
10.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ІІМ	2010 жылғы 3-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан
11.	Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы	Әділетмині	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан
	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан				

12.	Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан
13.	Бітімгершілік қызметі туралы	Қорғанысмині	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан
14.	Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы ( жаңа редакция)	Қорғанысмині	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан
15.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қорғанысмині	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 1-тоқсан
16.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халыққа кәсіби құқықтық көмек көрсету жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2011 жылғы 1-тоқсан	2011 жылғы 2-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
17.	Жастар саясаты туралы	БҒМ	2011 жылғы 2-тоқсан	2011 жылғы 2-тоқсан	2011 жылғы 2-тоқсан
18.	Дербес деректер туралы	ІІМ	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 3-тоқсан
19.	Азаматтық қорғау туралы	ТЖМ	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
20.	Шаруашылық серіктестіктер туралы	Әділетмині	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
21.	Кооперация және кооперативтер туралы	Әділетмині	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
22.	Қазақстан Республикасындағы алдын ала тергеу органдары және тергеушілердің мәртебесі туралы	ІІМ	2011 жылғы 3-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
23.	«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Еңбекмині	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
24.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сынақтан өткізу қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2010 жылғы 4-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан	2010 жылғы 4-тоқсан
25.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты тіркеу	Әділетмині			

	мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы		2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
26.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
27.	«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
28.	«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
29.	Ақпарат және ақпаратты қорғау туралы	АБА	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан
30.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратты дамыту және ақпаратты қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АБА	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан	2011 жылғы 4-тоқсан

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
 ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
 Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
 ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі  
 Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі  
 БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
 ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
 БҚА - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі  
 АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі  
 БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

